

Саяси партиялар туралы

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі N 344 Заны.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Кіріспе алып тасталды – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Саяси партия ұғымы

1. Азаматтардың, әртүрлі әлеуметтік топтардың мұдделерін мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында олардың саяси еркін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі саяси партия деп танылады.

2. Саяси партияның халық атынан билік жүргізуге құқығы жоқ.

2-бап. Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заннан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Саяси партиялар заң алдында бірдей.

3-бап. Саяси партияларға бірігу құқығы

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси партияларға бірлесу бостандығына құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының азаматы тек бір саяси партияға мүше бола алады.

3. Саяси партияға мүше болу Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарын шектеуге негіз бола алмайды.

4. Әркім өзінің қандай партияға жататынын көрсетуге немесе көрсетпеуге құқылы.

4-бап. Мемлекет және саяси партиялар

1. Мемлекет саяси партиялардың құқықтары мен заңды мұдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттің саяси партиялардың істеріне және саяси партиялардың мемлекет істеріне заңсыз араласуына жол берілмейді. Саяси партияларға мемлекеттік органдардың функцияларын жүктеуге де жол берілмейді.

3. Азаматтардан кез келген нысанда, оның ішінде ресми құжаттарда да, қандай партияға жататынын көрсетуді талап етуге тыйым салынады.

4. Парламент депутаттарының, мемлекеттік қызметшілердің саяси партиялардағы ақы төленетін қызметтерде болуына құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдық міндеттерін атқару кезінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын басшылыққа алады және саяси партиялар мен олардың органдарының шешімдерімен байланысты болмайды.

6. Саяси партиялардың тұрақты жұмыс істейтін органдарында қызмет атқаратын адамдарға Қазақстан Республикасының енбек заңнамасы, Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнамасы қолданылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді – КР 2007.05.15. № 253 Заңымен.

5-бап. Саяси партиялардың құрылу және қызмет ету негіздері

1. Саяси партияларды құрудың құқықтық негіздерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, олардың қызметінің кепілдіктерін айқындау Заңның негізгі мақсаты болып табылады.

2. Саяси партиялардың мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен қатынастарын реттеу Заңның негізгі міндеті болып табылады.

3. Саяси партиялардың қызметі еріктілік, тең құқықтылық, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялыштық қағидаттарына негізделеді. Осы Заңда белгіленген шектеулерді қоспағанда, саяси партиялар ішкі құрылымын, мақсаттарын, қызмет нысандары мен әдістерін еркін айқындайды.

4. Саяси партиялардың қызметі адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген құқықтарын, бостандықтары мен заңды мұдделерін бұзбауға тиіс.

5. Саяси партиялар Қазақстан Республикасының саяси партияға мүше болып табылатын азаматтарына саяси партиялардың басшы органдарында, депутаттыққа кандидаттар тізімінде өкілдік етуі үшін және мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы өзге де сайланбалы қызметтерге бірдей мүмкіндіктер жасауға тиіс.

6. Саяси партиялардың ұйымдық құрылымы аумақтық қағидат бойынша құрылады.

7. Саяси партиялар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) басшы органдары Қазақстан Республикасының аумағында болуға тиіс.

8. Қазақстан Республикасының аумағында басқа мемлекеттердің саяси партияларының қызметіне жол берілмейді.

9. Мақсаттары немесе әрекеттері Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты тұтатуға бағытталған саяси партияларды құру мен олардың қызметіне тыйым салынады.

10. Азаматтардың кәсіби, нәсілдік, ұлттық, этностық және діни белгілері бойынша саяси партиялар құруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі

басқару органдарында саяси партиялардың бастауыш партия үйымдарын құруға жол берілмейді.

11. Әскерилендірілген саяси партиялар, сондай-ақ саяси партиялар жанынан әскерилендірілген құралымдар құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

12. Білім беру үйымдарының оқу процесінде саяси партиялардың бағдарламалық, жарғылық талаптарын насихаттауға жол берілмейді.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда – КР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

2-тaraу. САЯСИ ПАРТИЯНЫ ҚҰРУ, ҚАЙТА ҮЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

6-бап. Саяси партияны құру

1. Саяси партия саны жеті жұз адамнан кем емес, саяси партияның құрылтай съезін (конференциясын) шақыратын және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың үштен екісінің атынан өкілдік ететін Қазақстан Республикасы азаматтары тобының бастамасы бойынша құрылады. Азаматтар саяси партияның құрылтай съезіне (конференциясына) жеке өзі қатысады. Азаматтардың саяси партияның құрылтай съезінде (конференциясында) сенімхат бойынша өкілдік етуіне жол берілмейді. Саяси партияның құрылуын, оның ішінде құрылтай съезінің (конференциясының) өткізуін үйымдастыруды қаржыландыру осы Заңың 18-бабының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Саяси партияның құрылтай съезін (конференциясын) дайындау және өткізу үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының бастамашы тобы мүшелерінің қатарынан құрамында кемінде он адам болатын үйымдастыру комитеті құрылады.

3. Үйымдастыру комитеті тіркеуші органға мынадай ақпаратты:

1) тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша электрондық және қағаз жеткізгіштерде азаматтардың саяси партия құру жөніндегі бастамашы тобының тізімін және үйымдастыру комитетінің мүшелері туралы мәліметтерді;

2) үйымдастыру комитетінің құрылу мақсаты, саяси партияның болжалды атауы, орналасқан жері, үйымдастыру комитетінің ақшасы мен өзге де мүлкін қалыптастыру мен пайдаланудың болжалды көздері, сондай-ақ үйымдастыру комитетінің қаражатын қалыптастыру үшін есеп айырысу шотын ашуға және оның қызметін қамтамасыз ету үшін азаматтық-құқықтық шарттар жасасуға уәкілеттік берілген үйымдастыру комитетінің мүшесі (бұдан әрі - үйымдастыру комитетінің уәкілетті адамы) туралы мәліметтер көрсетілген үйымдастыру комитеті жиналысының хаттамасын қоса тіркей отырып, саяси партия құру ниеті туралы тіркеуші орган белгілеген нысандағы хабарламаны табыс етеді.

4. Тіркеуші орган осы баптың 3-тармағында көрсетілген хабарламаны және өзге де құжаттарды алған күні ұйымдастыру комитетінің уәкілетті адамына олардың табыс етілгенін растайтын құжатты (бұдан әрі - растама) береді.

5. Ұйымдастыру комитеті тіркеуші орган растама бергеннен кейін ғана өз қызметіне кірісуге құқылы.

6. Ұйымдастыру комитеті растама берілген күннен бастап үш айдың ішінде саяси партияның құрылтай съезін (конференциясын) өткізуге тиіс. Бұл мақсатта ұйымдастыру комитеті:

1) растама берілген күннен бастап бір айдан кешіктірмей Қазақстан Республикасының аумағында тарапатын мерзімді баспасөз басылымдарында саяси партияны құру ниеті, саяси партия құрылтай съезінің (конференциясының) өтетін орны мен күні туралы мәліметтерді жариялады;

2) ұйымдастыру комитетінің уәкілетті адамы арқылы Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде есеп айырысу шотын ашады;

3) саяси партияны құруға бағытталған өзге де ұйымдастырушылық және ақпараттық-насихаттық қызметін жүзеге асырады.

7. Құрылтай съезінде (конференциясында) саяси партияны құру, оның атауы, жарғысы, бағдарламасы туралы шешімдер қабылданады және оның басшы органдары құрылады.

8. Саяси партия жарғылық қызметін мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады.

9. Ұйымдастыру комитеті өзінің қызметін мынадай жағдайлардың бірі туындаған:

- 1) тіркеуші орган растама берген күннен бастап жеті ай өткен;
- 2) саяси партия мемлекеттік тіркелген;
- 3) саяси партияны мемлекеттік тіркеуден бас тартылған кезде;
- 4) азаматтардың бастамашы тобының шешімі бойынша тоқтатады.

10. Саяси партия мемлекеттік тіркелген жағдайда ұйымдастыру комитетінің ақшасы және өзге де мүлкі, сондай-ақ ақша қарожаты мен өзге де мүліктің тұсу көздері көрсетілген олардың пайдаланылуы туралы қаржылық есеп құрылған саяси партияға табыс етіледі.

Саяси партияны мемлекеттік тіркеуден бас тартылған немесе ұйымдастыру комитетінің қызметі азаматтардың бастамашы тобының шешімі бойынша тоқтатылған жағдайда ұйымдастыру комитетінің қалған ақшасы мен өзге де мүлкі Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес ұйымдарына енгізілген қайырмалдықтарға пропорционалды түрде беріледі.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда – ҚР 06.02.2009 № 122-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Саяси партияның атауы мен рәмізі

1. Саяси партияның атауында "саяси партия" немесе "партия" деген сөздер болуға тиіс, оларды саяси партиялардың атауында ғана пайдалануға жол беріледі.

Саяси партияның толық және қысқартылған атауы мен оның рәмізі мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген саяси партиялардың және қоғамдық ұйымдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылыққа байланысты таратылған саяси партиялардың және қоғамдық ұйымдардың атауы мен рәмізін толық немесе олардың елеулі бөлігін қайталамауға тиіс.

2. Саяси партияның атауында ұлттық, этникалық, діни, аймақтық, қауымдық және гендерлік белгілерді көрсетуге, оның лидерлерінің, тарихи тұлғалардың есімдері мен фамилияларын пайдалануға жол берілмейді.

3. Саяси партияның өз рәмізі ретінде Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің мемлекеттік нышандарын пайдалануға құқығы жоқ.

4. Саяси партия рәміз ретінде эмблемаларды, туларды, гимндерді, вымпелдерді, значоктарды пайдалануға құқылы.

5. Саяси партияның рәмізі Конституцияға қарсы және заңға қарсы мақсаттарды насиҳаттауға қызмет етпеуге тиіс.

6. Саяси партия рәмізінің сипаттамасы мен эскиздері жарғыда болуға тиіс.

Ескерту. 7-бапқа өзгертулер енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 67-III Заңымен (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009 жылғы 6 ақпандағы № 122-IV (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

8-бап. Саяси партияға мүшеле болу

1. Қазақстан Республикасының жасы он сегізге толған азаматы саяси партияның мүшесі бола алады.

2. Саяси партияға шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың мүшеле болуына, сондай-ақ ұжымдық мүшелікке жол берілмейді.

3. Қазақстан Республикасы Конституациялық Сотының Төрағасы, Төрағасының орынбасары, судьялары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және өзге де соттардың Төрағасы мен судьялары, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен жұмыскерлері, әскери қызметшілер саяси партияларда болмауға, қандай да бір саяси партияға қолдау көрсетпеуге тиіс.

Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілерді қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған адамдар

тағайындалған, сайланған, қызметке кірген күннен бастап он күн ішінде саяси партиялардан шығуға тиіс.

3-1. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс.

Халыққа ант беру кезінде Қазақстан Республикасының Президенті саяси партияда тұрған жағдайда, ол ант берген күннен бастап он күн ішінде саяси партиядан шығуға тиіс.

4. Саяси партияға мүшелік ерікті, жеке және тіркелетін тәртіpte болады.

5. Саяси партияға қабылдау жазбаша өтініш негізінде жүзеге асырылады.

6. Саяси партияға мүше болу кәсіби, әлеуметтік, нәсілдік, рулық, ұлттық немесе діни белгілер бойынша, сондай-ақ жынысына және мүліктік жағдайына байланысты шектелмеуге тиіс.

7. Саяси партияның мүшелері саяси партияның басшы органдарына сайлауға және сайлануға, саяси партия мен оның басшы органдарының қызметі туралы ақпарат алуға құқылы.

8. Қайтыс болу, партиядан шығу, партиядан шығарылу, басқа партияға кіру, әскери қызметке қабылдану, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіру саяси партияға мүше болуды тоқтатуға негіз болып табылады.

Әскери қызметке қабылданған немесе құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кірген жағдайда саяси партияға мүшелік автоматты түрде тоқтатылады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

9-бап. Саяси партияның жарғысы

1. Саяси партияның жарғысында мыналар болуға тиіс:

1) саяси партияның атауы, мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ рәмізінің сипаттамасы;

2) саяси партияның орталық аппаратының орналасқан жері;

3) саяси партияға мүше болудың және мүшеліктен шығып қалудың шарттары мен тәртібі, оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;

4) саяси партия мүшелерін есепке алу тәртібі;

5) саяси партияны және оның құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құру, қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі;

6) саяси партия мен оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) басшы және бақылау-тексеру органдарын сайлау тәртібі, аталған органдардың өкілеттік мерзімі мен құзыреті;

7) саяси партияның жарғысына және оның бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;

8) осы Заңның талаптары ескеріле отырып, депутаттық және мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы өзге де сайланбалы қызметтерге саяси партиядан кандидаттар (кандидаттар тізімін) ұсыну тәртібі;

9) саяси партиядан сайланған депутаттарды кері шақырып алу негіздері;

10) саяси партия мен оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) ақшаны және өзге де мүлікті басқару саласындағы құқықтары, саяси партия мен оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) қаржылық жауапкершілігі және саяси партия мен оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) есептілік тәртібі.

2. Саяси партияның жарғысында өзінің қызметіне жататын және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де ережелер болуы мүмкін.

3. Саяси партияның жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік тіркелиге жатады.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 29.06.2018 № 163-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 336-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2021 № 42-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

10-бап. Саяси партияны мемлекеттік тіркеу

1. Саяси партияны мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

2. Саяси партияны мемлекеттік тіркеуге қажетті құжаттар саяси партияның құрылтай съезі (конференциясы) өткізілген күннен бастап төрт айдан кешіктірілмей тіркеуші органға табыс етіледі.

3. Саяси партия мемлекеттік тіркеленген күнінен бастап он екі айдың ішінде өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) аумақтық әділет органдарында есептік тіркеуден өткізуге міндettі.

4. Осы баптың 3-тармағын орындау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен саяси партияның мемлекеттік тіркеуінің қүшін жоюға әкел соғады.

5. Саяси партияны тіркеу мен қайта тіркеу, сондай-ақ оның құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) есептік тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

6. Саяси партияны мемлекеттік тіркеу үшін оның құрамында партияның барлық облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы әрқайсысында кемінде екі жүз партия мүшесі бар құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) атынан өкілдік ететін кем дегенде бес мың партия мүшесі болуға тиіс.

7. Саяси партияны мемлекеттік тіркеу тіркеуші органға мынадай құжаттарды тапсырған жағдайда жүзеге асырылады:

- 1) тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша өтініш;
- 2) саяси партияның басшысы қол қойған саяси партияның екі дана етіп жасалған жарғысы мен бағдарламасы;
- 3) саяси партияның құрылтай съезінің (конференциясының) хаттамасы;
- 4) саяси партия мүшелерінің тіркеуші орган белгілеген нысандағы және осы баптың 6-тармағының талабына сай келетін электрондық және қағаз жеткізгіштегі тізімдері;
- 5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алымның төленгені туралы құжат.

8. Мемлекеттік тіркеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша тоқтатыла тұрады.

Мемлекеттік тіркеу мерзімінде үзіліс жасауға себеп болған негіздемелер жойылған кезде тіркеуші орган саяси партияны мемлекеттік тіркеу не мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 08.07.2005 № 67-III (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.02.06 № 122-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 336-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

11-бап. Саяси партияны мемлекеттік тіркеуден бас тарту

1. Тіркеуші орган Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздемелер бойынша, сондай-ақ партия құрудың заңда белгіленген тәртібін бұзған, берілген құжаттар, соның ішінде оның құрылтай құжаттары мен партия мүшелерінің, оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) тізімдері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келмеген жағдайда саяси партияны мемлекеттік тіркеуден бас тартады.

Тіркеуші орган Қазақстан Республикасының заң актілеріне көзделген негіздемелер бойынша, сондай-ақ құрылымдық бөлімшени (филиалы мен өкілдігін) құрудың заңдарда белгіленген тәртібін бұзған, есептік тіркеуге берілген құжаттар, соның ішінде

партия мүшелерінің тізімдері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келмеген жағдайда саяси партияның құрылымдық бөлімшесін (филиалы мен өкілдігін) есептік тіркеуден бас тартады.

1-1. Осы Заңың 10-бабының 6-тармағында көзделген, партия мүшелерінің жалпы санына әсер етпейтін саяси партия мүшелерінің тізімі бойынша анықталған бұзушылықтар саны саяси партияны мемлекеттік тіркеуден бас тартуға негіз бола алмайды.

Осы тармақтың күші осы Заңың 8-бабының 1, 2, 3 және 5-тармақтары бұзылған жағдайларға қолданылмайды.

2. Мемлекеттік тіркеуден бас тартылған жағдайда саяси партия тіркеуші органға үш ай өткен соң оны мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды қайтадан бере алады.

3. Саяси партияны мемлекеттік тіркеуден, оның құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) есептік тіркеуден бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 67-ІІІ (Заңың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2009 жылғы 6 ақпандағы № 122-ІV (Заңың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

12-бап. Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар

Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы заңдарының сақталуына, сондай-ақ саяси партия мен оның құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) қызметінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін бақылауды:

1) саяси партия мен оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) саяси партия мүшелерінің қажетті саны бар екендігін растайтын құжаттарын беруді талап ету немесе оларға қол жеткізу құқығы бар тіркеуші органдар;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдары;

3) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда басқа мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Азаматтардың саяси партия құру жөніндегі бастамашы тобының, саяси партия мүшелері тізімдерінің дұрыстығын осы Заңың 6-бабы 1-тармағының, 8-бабының, 10-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкестігіне тексеруді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындастырын тәртіппен тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 08.07.2005 № 67-ІІІ (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

13-бап. Саяси партияның қызметін тоқтата тұру

1. Саяси партияның қызметі соттың шешімі бойынша ұш айдан алты айға дейінгі мерзімге:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын бұзған;
- 2) саяси партияның жарғысына қайшы келетін қызметті үнемі жүзеге асырган;
- 3) саяси партия басшыларының экстремизмді жүзеге асыруға бағытталған жария шақыруы мен сөйлеген сөздері орын алған;
- 4) саяси партия мүшелерінің саны осы Заңның 10-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Саяси партияның қызметі тоқтатыла тұрған кезеңде партияның басшылары мен мүшелеріне бұқаралық ақпарат құралдарында партия атынан сөз сөйлеуге, бейбіт жиналыстар мен өзге де жария сөз сөйлеуді ұйымдастыруға және өткізуға тыйым салынады, сондай-ақ саяси партияның банктік шоттары бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрады, бұған еңбек шарттары, қызметінің нәтижесінде келтірілген залалдардың орнын толтыру және айыппұлдар төлеу бойынша есеп айырысулар кірмейді.

3. Егер саяси партияның қызметін тоқтата тұрудың белгіленген мерзімі ішінде тәртіп бұзушылықтар жойылатын болса, саяси партия өз қызметін қайта бастайды.

4. Саяси партияның орын алған тәртіп бұзушылықты жойғандығы фактісін саяси партияның қызметін тоқтата тұру туралы шешім шығарған сот анықтайды.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2005.02.23. № 33, 08.07.2005 № 67-III (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 25.05.2020 № 334-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

14-бап. Саяси партияны қайта ұйымдастыру және тарату

1. Саяси партияны қайта ұйымдастыру (қосылу, бірігу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу) оның жоғары органдының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және саяси партияның жарғысында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Оз қызметін тоқтатқан саяси партияның құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) саяси партияның жоғары органдының қайта ұйымдастыру (тарату) туралы шешімінің негізінде тіркеуші органда есептік тіркеуден шығарылуға жатады.

2. Қайта ұйымдастырылғаннан кейін жаңадан құрылған саяси партияны тіркеу саяси партияны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған күннен бастап екі ай мерзім өткеннен кейін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2-1. Саяси партия бөлінген немесе саяси партияның құрамынан бөліп шығарылған кезде қайта ұйымдастырылған саяси партия мен жаңадан құрылған саяси партиялар мүшелерінің жалпы саны осы Заңның 10-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес болуға тиіс.

3. Саяси партия:

- 1) өзінің жоғары органының шешімі бойынша;
- 2) аймақтардың кемінде жартысының өкілі болып табылатын мүшелерінің кемінде елу бір процентінің ұсынысы бойынша;
- 3) соттың шешімі бойынша таратылады.

4. Саяси партияны таратуды саяси партияның жоғары органы тағайындастын тарату комиссиясы немесе Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен сот жүргізеді.

5. Соттың шешімі бойынша саяси партия:

- 1) осы Заңның талаптарын орындамаған;
- 2) саяси партияның қызметін тоқтата тұру үшін негіз болған тәртіп бұзушылықты сот белгілеген мерзімде жоймаған;
- 3) саяси партияның жарғысына қайшы келетін қызметті үнемі жүзеге асырған;
- 4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынған қызметті жүзеге асырған не қызметін Қазақстан Республикасының заңдарын бірнеше рет (кемінде екі рет) немесе өрескел бұза отырып жүзеге асырған;

5) мемлекеттік тіркеу үшін табыс етілген құжаттардағы мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған кезде саяси партияны мемлекеттік тіркеудің заңсыздығы танылған не саяси партияны мемлекеттік тіркеудің күші жойылған;

6) саяси партия Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауына қатарынан екі рет қатыспаған;

7) шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтар, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар қаржыландырған, саяси партия осы Занда тыйым салынған қайырмалдықтарды қабылдаған;

7-1) саяси партия, оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қайта тіркеусіз жүзеге асырған;

8) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда таратылуы мүмкін.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 67-ІІІ Заңымен (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009 жылғы 6 ақпандағы № 122-IV (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

3-тарау. САЯСИ ПАРТИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

15-бап. Саяси партияның құқықтары мен міндеттері

1. Саяси партия жарғысы мен бағдарламасында анықталған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

1) өзінің қызметі туралы ақпарат таратуға және өз мақсаттары мен міндеттерін насиҳаттауға;

2) ерікті негізде қауымдастықтарға (одақтарға), сайлау блоктарына бірігуге;

3) Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті Мажілісінің және мәслихаттарының депутаттығына, аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне кандидаттар ұсынуға; мәслихаттардағы өз өкілдері арқылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатуралар ұсынуға құқылы

Әкімшілік-аумақтық бірліктің шекаралары бөлініп шығу немесе бөліну арқылы өзгерген жағдайда, саяси партия:

мәслихат бөлген мандаттарды ескере отырып, қайта ұйымдастырылған мәслихат депутаттарының дербес құрамын;

тіркелген партиялық тізімге енгізілген кандидаттарды бөледі;

4) өздерінің бұқаралық ақпарат құралдарын құруға;

5) бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуғе;

6) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2. Саяси партия:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының талаптарын сақтауға;

2) әрбір азаматтың өз құқықтары мен мұдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

3) тіркеуші органға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілетін мәліметтер көлемінде тұрақты жұмыс істейтін орган орналасқан жердің және оның басшылары туралы деректердің өзгергені жөнінде хабарлауға;

4) мемлекеттік кіріс органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдер мен көлемде өзінің қаржылық қызметі туралы есепті табыс етуге міндетті.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 334-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2021 № 42-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен

15-1-бап. Саяси партиядан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі, мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсыну ерекшеліктері

1. Саяси партия Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін бекіткен кезде оларға үш санат өкілдерін: әйелдерді, жастарды, мугедектігі бар адамдарды жиынтығында кандидаттардың жалпы санының кемінде отыз пайызы көлемінде енгізеді.

2. Саяси партия мәслихат депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін бекіткен кезде оларға әйелдерді және жастарды жиынтығында кандидаттардың жалпы санының кемінде отыз пайызы көлемінде енгізеді.

Ескерту. 1-тaraу 15-1-баппен толықтырылды – ҚР 25.05.2020 № 336-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР 07.02.2022 № 106-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

16-бап. Саяси партияның және оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) органдары

1. Саяси партияның төрт жыл ішінде кемінде бір рет шақырылатын съезі (конференциясы) саяси партияның жоғары басшы органы болып табылады.

2. Саяси партияның съезінде (конференциясында):

1) саяси партияның жарғысы мен бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі;

2) саяси партияның мүшелері Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар ретінде ұсынылады, депутаттыққа кандидаттардың Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына тіркеу үшін ұсынылатын партиялық тізімі бекітіледі;

3) саяси партияның басшы органдары сайланады;

4) партияның мүшелік журналарының мөлшері бекітіледі.

3. Саяси партияның филиалы мен өкілдігінің конференциясы (жалпы жиналышы) саяси партия филиалы мен өкілдігінің жоғары басшы органы болып табылады.

4. Саяси партияның филиалы мен өкілдігінің конференциясында (жалпы жиналышында):

1) олардың басшы органдары сайланады;

2) тиісті мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдері, аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне кандидаттар, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаттары депутаттығына кандидаттар ұсынылады.

5. Саяси партия съезінің (конференциясының) шешімі саяси партияның съезіне (конференциясына) саяси партияның барлық облыстық, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы филиалдары мен өкілдіктерінің өкілдері қатысқан кезде көпшілік дауыспен қабылданады.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2018 № 163-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2021 № 42-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

17-бап. Саяси партияның меншігі

Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған объектілерді қоспағанда, саяси партияның меншігінде оның жарғысында көзделген қызметті материалдық жағынан қамтамасыз ету үшін қажетті объектілер, сондай-ақ оның қаражаты есебінен құрылатын ұйымдар болуы мүмкін.

Саяси партия тұтас алғанда, саяси партия мүлкінің, соның ішінде оның құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) мүлкінің меншік иесі болып табылады. Саяси партия мүшелерінің саяси партияның мүлкіне қатысты құқықтары болмайды.

Саяси партияның мүлкі саяси партияның жарғысы мен бағдарламасында көзделген мақсаттарды жүзеге асыру және міндеттерді шешу үшін пайдаланылады.

Саяси партияның мүлкі ол таратылған жағдайда оның жарғысына сәйкес пайдаланылуға тиіс. Егер саяси партияның жарғысында мұндай тәртіп көзделмесе, онда бұл мәселені шешуді саяси партияны тарату туралы шешім қабылдаған орган жүзеге асырады.

18-бап. Саяси партияны қаржыландырудың көздері және оның қаражатын пайдалану

1. Саяси партияның қаражаты:

1) мүшелікке кіру және мүшелік жарналардан;

2) қайырмалдықтар құжатпен расталып, олардың шығу көздері көрсетілген жағдайда мемлекет алдындағы салықтық міндеттемелерінің орындалуына салықтық бақылауды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес ұйымдарының қайырмалдықтарынан;

3) кәсіпкерлік қызметтен түсken кірістерден;

4) бюджет қаражатынан құралады.

2. Саяси партияға және оның құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне):

1) шет мемлекеттерден, шетелдік заңды тұлғалардан және халықаралық ұйымдардан;

- 2) шетелдіктерден және азаматтығы жоқ адамдардан;
- 3) шетел қатысатын занды тұлғалардан;
- 4) мемлекеттік органдардан және мемлекеттік үйымдардан;
- 5) діни бірлестіктерден және қайырымдылық үйымдарынан;
- 6) иесі көрсетілмеген қайырмалдық жасаушылардан;
- 7) халықаралық немесе шетелдік үкіметтік емес үйымдардан гранттар және өзге де қаражаттар алатын Қазақстан Республикасының азаматтарынан немесе мемлекеттік емес үйымдарынан қайырмалдық алуға жол берілмейді.

Осы тармақта көрсетілген адамдардан келіп түскен қайырмалдықтар соттың шешімі бойынша мемлекеттің кірісіне аударылады.

3. Саяси партиялардың ақшасы Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес тіркелген банктердің шоттарына орналастырылады.

4. Саяси партияның ақшасы мен өзге де мұлкі оның мүшелері арасында бөлінбейді және жарғылық мақсаттарға сәйкес жұмсалуға тиіс. Саяси партияның өз қаражатын қайырымдылық көмекке пайдалануына жол беріледі.

5. Саяси партияның жылдық қаржылық есебі жыл сайын республикалық баспасөз басылымдарында жарияланады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 67-III Заңымен (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009 жылғы 6 ақпандағы № 122-IV (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 16.11.2015 № 403-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-1-бап. Саяси партияларға бөлінетін бюджет қаражаты

1. Соңғы сайлау қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде өкілдік ететін саяси партияларға бюджет қаражаты жыл сайын бөлінеді.

2. Саяси партиялардың қызметін қаржыландыруға бөлінетін бюджет қаражатының мөлшері республикалық бюджет туралы заңда айқындалады.

3. Саяси партияларды қаржыландыру тәртібін Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы айқындейды.

4. Бюджет қаражатының жұмсалуын бақылау Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-1-баппен толықтырылды – КР 06.02.2009 № 122-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді – КР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

19-бап. Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы зандарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы зандарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес оған кінәлі жеке және занды тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары және саяси партияның басшы органдарының құрамына кіретін адамдар жауаптылықта болады.

20-бап. Саяси партиялардың халықаралық байланыстары

Қазақстан Республикасының саяси партиялары халықаралық байланыстар орнатып, жасай алады, тиісті келісімдер жасасып, діни бірлестіктерді қоспағанда, халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге ұжымдық мүшелер ретінде кіре алады.

21-бап. Өтпелі ережелер

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған саяси партиялар алты ай ішінде осы Заңның талаптарына сәйкес мемлекеттік қайта тіркеуден өтуге міндettі.

22-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

1-1. Мыналардың:

9-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы тоқтатыла тұрған кезенде:

"9) бірыңғай жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің саяси партиядан сайланған депутаттарын кері шақырып алу немесе ротациялау негіздері;" деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, 9-баптың 1-тармағы 9) тармақшасының;

16-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы тоқтатыла тұрған кезенде:

"2) тиісті мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар ұсынылады." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, 16-баптың 4-тармағы 2) тармақшасының қолданысы 2019 жылғы 1 қантарға дейін тоқтатыла тұрсын.

2. "Саяси партиялар туралы" 1996 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 11-12, 260-құжат; 1997 ж., № 13-14, 205-құжат).

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 29.06.2018 № 163-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

Қазақстан Республикасының
Президенті